

**Қалалық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу Қағидаларын бекiту туралы**

***Күшiн жойған***

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 27 қарашадағы № 49/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әдiлет департаментiнде 2015 жылғы 8 қаңтарда № 2907 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 21 мамырдағы № 20/04 қаулысымен

**Ескерту. Күшi жойылды Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкiмдiгiнiң 21.05.2015 № 20/04 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы ", 2011 жылғы 1 наурыздағы " Мемлекеттiк мүлiк туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" қаулысына сәйкес, Балқаш қаласының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған қалалық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға ( жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу Қағидалары бекiтiлсiн.

2. "Балқаш қаласының экономика және қаржы бөлiмi" мемлекеттiк мекемесi қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажеттi шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкiмiнiң орынбасары Айдын Боранбайұлы Қапашевқа жүктелсiн.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнiнен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

|                        |               |
|------------------------|---------------|
| Балқаш қаласының әкiмi | А. Райымбеков |
|------------------------|---------------|

|  |                                                                                     |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Балқаш қаласы әкiмдiгiнiң<br>2014 жылғы "27" 11<br>№ 49/01 қаулысымен<br>бекiтiлген |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------|

**Қалалық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары**

1. Осы қалалық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленді және қалалық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес құрылыс үлгісі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, инженерлік коммуникациялардың бар болуы, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері негізінде анықталып, мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Ап = Рбс \times S \times Кт \times Кв \times Кик \times Кр \times Квд \times Копф,$$

мұнда:

Ап – жылына қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Рбс - 1 шаршы метрге жылына теңге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі;

S - жалға алынатын алаң, шаршы метр;

Кт - құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент;

Кв - тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

Кик - инженерлік коммуникациялардың бар болуын ескеретін коэффициент;

Кр - аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

Квд - жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

Копф - жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Жабдықтарды, автокөлік құралдарын және өзге де тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Ап = С \times N_{ам} / 100 \times Кп$$

мұнда:

Ап - жылына жабдықтар, көлік құралдары және өзге де тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

С - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де

тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

Nam - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

Кп - төмендету коэффициенті (жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де тұтынылмайтын заттарды алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады - 0,8 мөлшерінде).

4. Қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін, сондай-ақ жабдықты, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттарды сағат бойынша мүліктік жалдауға (жалға алу) ұсыну кезінде жалдау ақысы есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Ач=Ап/12/Д/24,$$

мұнда:

Ач – сағатына қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Ап – жылына қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

12 – жылдағы айдың саны;

24 – тәуліктегі сағаттың саны;

Д – объектілерді мүліктік жалдауға беру жүзеге асырылатын айдағы күндердің саны.

|  |                                                                                                                                                    |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Қалалық коммуналдық<br>мүлікті мүліктік жалдауға<br>(жалға алуға) беру кезінде<br>жалдау ақысының<br>мөлшерлемесін есептеу<br>Қағидаларына қосымша |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**Қалалық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде құрылыс үлгісі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, инженерлік коммуникациялардың бар болуы, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері**

Базалық мөлшерлеменің мөлшерлері – тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш.

| № | К о э ф ф и ц и е н т т е р                                                                                                                                                                                                               | т ү р і | Коэффициент мөлшері |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|---------------------|
| 1 | Құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент (Кт):                                                                                                                                                                                               |         |                     |
|   | 1 . 1 ғ и м а р а т                                                                                                                                                                                                                       |         | 1 , 0               |
|   | 1.2 спорттық құрылыстар (стадиондар, спорттық залдар, спорттық алаңдар)                                                                                                                                                                   |         | 0 , 7               |
|   | 1 . 3 б а с қ а к ұ р ы л ы с т а р                                                                                                                                                                                                       |         | 0 , 9               |
| 2 | Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кв):                                                                                                                                                                                   |         |                     |
|   | 2 . 1 ж е р ү с т і қ а б а т ы н д а ғы ү й - ж а й                                                                                                                                                                                      |         | 1 , 0               |
|   | 2.2 астыңғы қабаттағы (жартылай жертөле) үй-жай                                                                                                                                                                                           |         | 0 , 9               |
|   | 2 . 3 ж е р т ө л е қ а б а т ы н д а ғы ү й - ж а й                                                                                                                                                                                      |         | 0 , 8               |
|   | 2.4 басқа (шатыр, шатырдағы жай, тамбур, мансарда, лоджия, спорттық құрылыстар және б а с қ а )                                                                                                                                           |         | 0 , 7               |
| 3 | Инженерлік коммуникациялардың бар болуын ескеретін коэффициент (Кик):                                                                                                                                                                     |         |                     |
|   | 3.1 барлық инженерлік-коммуникациялары бар үй-жайлар үшін (жылумен, электрмен, сумен жабдықтау, және кәрізбен) коммуникациялардың қандай да бір түрлері жоқ болса, әрбір түрге 0,1-ге азаяды                                              |         | 1 , 0               |
| 4 | Аумақтық орналасуы ескеретін коэффициент (Кр):                                                                                                                                                                                            |         |                     |
|   | 4 . 1 қ а л а ү ш і н                                                                                                                                                                                                                     |         | 1 , 5               |
|   | 4 . 2 к е н т , а у ы л                                                                                                                                                                                                                   |         | 0 , 5               |
|   | Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд):                                                                                                                                                                                     |         |                     |
|   | 5.1 банктердің есеп айырысу-кассалық орталықтары, Қазақстан Республикасы ұлттық почта операторы, банкоматтар, төлеу терминалдары (мультикассалар) үшін                                                                                    |         | 2 , 5               |
|   | 5.2 брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшін |         | 3 , 0               |
|   | 5.3 сауда, қонақ үй қызметтерін ұйымдастыру, сату автоматтары үшін                                                                                                                                                                        |         | 2 , 5               |
|   | 5.4 қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру (асхана, буфет) үшін                                                                                                                                                                                 |         |                     |

|   |                                                                                                                                                                                                                                                                              |                         |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| 5 |                                                                                                                                                                                                                                                                              | 1 , 5                   |
|   | 5.5 оқу орындарында (мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және спорттық мектептерде) қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру (асхана, буфет) үшін                                                                                                                   | 0 , 5                   |
|   | 5.6 денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт салаларында қызмет ету (қызметтерді) және іс-шараларды ұйымдастыру үшін                                                                                                                                            | 1 , 0                   |
|   | 5.7 ұялы байланыс, интернет желісі саласында қызмет ету үшін (телекоммуникация жабдықтарын орналастыру және басқа)                                                                                                                                                           | 5 , 0                   |
|   | 5.8 мынадай салаларда қызметтерді ұйымдастыру үшін:<br>ғылым және жоғары білім беру<br>орта білім беру<br>мектепке дейінгі білім беру                                                                                                                                        | 1 , 1<br>0 , 9<br>0 , 8 |
| 6 | 5.9 5.1-5.8-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, басқа қызмет түрлері үшін                                                                                                                                                                                    | 2 , 0                   |
|   | Жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф):                                                                                                                                                                                                           |                         |
|   | 6.1 қайырымдылық және қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық емес ұйымдар үшін                                                                                                                                                                                                  | 0 , 5                   |
|   | 6.2 жеке кәсіпкерлер, шаруалар қожалықтары үшін                                                                                                                                                                                                                              | 0 , 9                   |
|   | 6.3 жарғылық капиталындағы акционерлік қоғам акцияларының бақылау пакеті немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қатысуының бақылау үлесі Балқаш қаласы әкімдігіне тиесілі акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін * | 0 , 5                   |
|   | 6 . 4 қ а л ғ а н д а р ы үшін                                                                                                                                                                                                                                               | 1 , 0                   |

\*акционерлік қоғамның акцияларының бақылау пакеті немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қатысуының бақылау үлесі тиісінше акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі екендігін білдіреді